

Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 21 сәуірдегі N 467 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 сәуірде N 13-1-180 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңы 31-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74-ІІІ Заңының 17-бабы 5-тармағына және 19, 20, 23-баптарына сәйкес, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген, мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын және «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген, мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын жүзеге асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысын іске асыру мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Республикалық гвардиясына, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар Министрлігіне мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын.

2. Көктемгі шақырудың әскерге шақырылушыларын және әскери оқу орындарына түсетіндерді медициналық куәландыру 2010 жылғы 1 сәуірден, күзгі шақырудың әскерге шақырылушыларын 2010 жылғы 1 қазаннан басталсын.

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін қалалық әскерге

шақыру комиссиясы құрылсын, 1 қосымшаға сәйкес.

4. Он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін, 2, 3-қосымшаларға сәйкес.

5. Солтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының бастығы Е.А. Байжүнісовке ұсынылсын (келісім бойынша):

1) әскерге шақыру учаскесін қажетті аспаптармен, дәрі-дәрмекпен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз ету;

2) әскерге шақыруға жататын азаматтарды медициналық куәландыру үшін дәрігер-мамандар мен медициналық бибілерді тағайындау;

3) әскерге шақырушылардың стационарлық тексерілуін жүргізу үшін емдеу-профилактикалық мекемелерінде 10-15 койко-орыннан бөлу;

4) әскерге шақыру комиссиясының мүшелерін, медициналық комиссияның жұмысына қатысатын дәрігер-мамандар мен медициналық бибілерді көктемгі шақыру кезеңіне 2010 жылғы 1 сәуірден 30 маусымға дейін және күзгі шақыру кезеңіне 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін өздерінің негізгі міндеттерін атқарудан босату.

6. «Петропавл қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы В.С. Палаткин әскерге шақыру учаскесінің жұмысы бойынша іс-шараларды 2010 жылға арналған қала бюджетінде осы мақсаттарға көзделген сомаға сәйкес қаржыландыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

7. Петропавл қаласы Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының бастығы полковник М.Т. Исмаилов (келісім бойынша) 2010 жылғы көктемгі және күзгі шақыру кезеңіндегі азаматтарды әскерге шақырудың қорытындысы туралы қала әкіміне ақпарат берсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ғ.Қ. Балтабаеваға ж ү к т е л с і н .

9. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Петропавл қаласының әкімі Н. Әшімбетов

«КЕЛІСІЛДІ»

Петропавл қ. Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының бастығы М.Т. Исмаилов

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у

басқарма бастығының м.а. А. Мағзұмов

Петропавл қаласы әкімдігінің
2010 жылғы 21 сәуірдегі
№ 467 қаулысына 1-қосымша

Қалалық әскерге шақыру комиссиясының құрамы

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2010.09.29 N 1409 Қаулысымен

Сейітқасымов Асылбайұлы	Ербол	комиссия қаласының басқармасы» бастығының атқарушы (келісім бойынша)	төрағасы, Қорғаныс істері мемлекеттік лауазымын	«Петропавл жөніндегі мекемесі уақытша
Шитқанов Шалабайұлы	Серікжан	комиссия «Петропавл мемлекеттік жағдайлар жөніндегі	төрағасының қаласы әкімінің мекемесінің бас маманы	орынбасары, аппараты» төтенше
Мясоедова Анна Степанова		әскерге хатшысы, коммуналдық кәсіпорнының мейірбикесі	шақыру «№ 2 қалалық мемлекеттік	комиссиясының емхана» қазыналық
Комиссия мүшелері:				
Дегтярева Татьяна Прокопьевна		медициналық «№ 1 қалалық мемлекеттік дәрігер-терапевті	комиссияның емхана» қазыналық	төрайымы, коммуналдық кәсіпорнының
Тәженов Серік Қабдоллаұлы		Петропавл қ. бастығының бойынша полковнигі	ішкі істер кадр және тәрбие орынбасары,	басқармасы жұмысы полиция
Шақыру комиссиясының төрағасы және мүшелері дәлелді себептермен бола алмаған жағдайда шақыру комиссиясының дербес құрамына мына адамдарды енгізуге рұқсат етілсін:				
Балло Елена Сергеевна		комиссия қалалық орынбасары	төрағасының білім бөлімі	орынбасары, бастығының
Тұрғынова Сұлұша Көшербайқызы		әскерге хатшысы, коммуналдық кәсіпорнының мейірбикесі	шақыру «№ 2-ші қалалық мемлекеттік	комиссиясының емхана» қазыналық
Комиссия мүшелері:				
Елеукина Майра Рақымжанқызы		медициналық «№ 2 қалалық мемлекеттік дәрігер-терапевті	комиссиясының емхана» қазыналық	төрайымы, коммуналдық кәсіпорнының
Деров Александр Иванович		Петропавл басқармасы кадр бөлімінің бастығы,	қаласының ішкі істер полковнигі	

Петропавл

қаласы

әкімдігінің

2010

жылғы

21

сәуірдегі

№ 467 қаулысына 2-қосымша

2010 жылдың мамыр айында он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

№	Күні, саны

р/б	Барлығы	4	5	6	11	12	13	14	17	18	19	20	21	24	25	26	27	28	31
	900	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50

2010 жылдың маусым айында он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

№ р/б	Барлығы	Күні, саны																					
		1	2	3	4	7	8	9	10	11	14	15	16	17	18	21	22	23	24	25	28	29	30
	850	45	45	45	45	45	45	45	45	45	45	45	45	45	45	45	25	25	25	25	25	25	25

Петропавл қаласы әкімдігінің
2010 жылғы 21 сәуірдегі
№467 қаулысына 3-қосымша

2010 жылдың қазан айында он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

№ р/б	Барлығы	Күні, саны																				
		1	4	5	6	7	8	11	12	13	14	15	18	19	20	21	22	25	26	27	28	29
	1050	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50

2010 жылдың қараша айында он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

№ р/б	Барлығы	Күні, саны																				
		1	4	5	6	7	8	11	12	13	14	15	18	19	20	21	22	25	26	27	28	29
	630	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30	30

2010 жылдың желтоқсан айында он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

№ р/б	Барлығы	Күні, саны																					
		1	4	5	6	7	8	11	12	13	14	15	18	19	20	21	22	25	26	27	28	29	30
	420	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20